

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы» РМҚК
директорының м.а Н. Ахметжановтың
2026 жылғы 22 қаңтардағы №8 бұйрығымен
бекітілген

**«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қызметкерлерін
жұмысқа қабылдау және еңбек шартын бұзу, көтермелеу шараларын
қолдану және тәртіптік жаза қолдану қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және еңбек шартын бұзу, көтермелеу шараларын қолдану және тәртіптік жаза қолдану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 139-бабы 7-тармағына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының (бұдан әрі - музей-қорық) қызметкерлерін:

- жұмысқа қабылдау;
- конкурс арқылы іріктеу;
- еңбек шартын бұзу;
- көтермелеу шараларын қолдану;
- тәртіптік жаза қолдану тәртібін айқындайды.

2-тарау. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау тәртібі

3. Музей-қорық қызметкерлерін жұмысқа қабылдау жұмыс берушінің шешімі бойынша:

- тағайындау тәртібімен;
- немесе конкурс арқылы жүзеге асырылады.

4. Лауазымға тағайындау үміткердің тиісті лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі жағдайында жүзеге асырылады.

5. Қызметкерді жұмысқа қабылдау:

- еңбек шартын жасасу;
- музей-қорық басшысының бұйрығын шығару арқылы рәсімделеді.

6. Конкурс арқылы жұмысқа қабылдауға негіз - конкурстық комиссияның оң қорытындысы болып табылады.

7. Кандидат Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 32-бабында көзделген құжаттарды ұсынады.

3-тарау. Кандидаттарға қойылатын негізгі талаптар

8. Музей-қорықтағы лауазымдарға кандидаттарды іріктеудің негізгі талаптары:

1. тиісті бейін бойынша орта арнаулы немесе жоғары білімнің болуы;
2. кәсіби даярлық деңгейінің жеткілікті болуы;
3. жұмыс тәжірибесінің болуы (қажет болған жағдайда);
4. біліктілік талаптары мен лауазымдық нұсқаулыққа сәйкестігі.

4-тарау. Бос лауазымға конкурс өткізу тәртібі

9. Конкурс музей-қорық басшысы бекітетін конкурс негізінде толтырылатын лауазымдар тізбесіне сәйкес бос және (немесе) уақытша бос лауазымдарға өткізіледі.

10. Конкурс өткізу туралы шешімді музей-қорық басшысы қабылдайды. Конкурс өткізу туралы хабарландыру:

- музей-қорықтың интернет-ресурсында;
- enbek.kz электрондық порталында құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын орналастырылады.

5-тарау. Конкурстық комиссия

11. Конкурс өткізу үшін конкурстық комиссия құрылады.

12. Конкурстық комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 (бес) адамнан тұрады және тақ санды құрайды.

13. Конкурстық комиссия құрамына:

- комиссия төрағасы;
- комиссия хатшысы (кадр қызметінің өкілі);
- комиссия мүшелері кіреді.

14. Конкурстық комиссия құрамына музей-қорықтың мәдениет, музей ісі, ғылым және туризм саласында кәсіби білімі мен жұмыс тәжірибесі бар мамандары енгізілуі мүмкін.

6-тарау. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды ұсыну тәртібі

15. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға келесі құжаттарды ұсынады:

1. конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
3. өмірбаян немесе түйіндеме (резюме);
4. білім туралы құжаттардың көшірмелері;
5. еңбек қызметін растайтын құжат (бар болған жағдайда);
6. № 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
7. сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар немесе жоқ екендігі жөніндегі анықтама.

16. Құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда, оларды қабылдаудан бас тартылады.

7-тарау. Конкурсты өткізу тәртібі

17. Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

1. құжаттарды біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау;

2. әңгімелесу өткізу;

3. конкурс қорытындысын шығару.

18. Конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде біліктілік бағалауын жүргізеді.

19. Бағалау нәтижелері бойынша комиссия әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімін бекітеді немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

20. Әңгімелесу бетпе-бет немесе қашықтан бейнебайланыс арқылы өткізілуі мүмкін.

21. Комиссия отырысы оның құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.

22. Комиссия шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және көпшілік дауыспен бекітіледі.

23. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді және кандидаттарға 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарланады.

8-тарау. Лауазымға тағайындау

24. Конкурс қорытындысы бойынша оң шешім алған кандидатпен еңбек шарты жасалады.

25. Қызметкер музей-қорық басшысының бұйрығымен жұмысқа қабылданады.

26. Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін.

9-тарау. Еңбек шартын бұзу

27. Музей-қорық қызметкерлерімен еңбек шартын бұзу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

10-тарау. Көтермелеу шаралары және тәртіптік жазалар

28. Қызметтік міндеттерін адал әрі сапалы орындағаны үшін қызметкерлерге:

алғыс жариялау;

құрмет грамотасымен марапаттау;

сыйақы беру;

өзге де материалдық және моральдық көтермелеу шаралары қолданылуы мүмкін.

29. Еңбек тәртібін бұзған жағдайда қызметкерлерге Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жаза қолданылады.

30. Қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тарту заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

11-тарау. Қорытынды ережелер

31. Осы Қағидаларда көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес шешіледі.

32. Осы Қағидаларды қолдану барысында туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.